КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қарар бөлігі)

2024 жылғы 10 сәуір №7119-24-00-2/3556 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот судьясы Ғ.С.Төлебекова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Aroma trade» жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы ШЖҚ РМК-нің жауапкер «Aroma trade» ЖШС-ні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Aroma trade» ЖШС-ні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Aroma trade» ЖШС-нен мемлекет кірісіне 1 864 (бір мың сегіз жүз алпыс төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Aroma trade» ЖШС-нен Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы ШЖҚ РМК-нің пайдасына 30 861 (отыз мың сегіз жүз алпыс бір) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын, 926 (тоғыз жүз жиырма алты) мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Тюлебекова Г. С., 10.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 11.07.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 19.07.2024
7119-24-3-1/2974

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 267-4 бабының талаптарын ескере отырып, шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья (қолы) Ғ.С.Төлебекова

Құжатқа қол қойылған: Тюлебекова Г. С., 10.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.07.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 19.07.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -